

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» КеАҚ
Қосымша білім беру институты
«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ

ПЕДАГОГТИК ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қолдану саласы

"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ (бұдан әрі – университет) және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (бұдан әрі – ПШО) педагогтік қайта даярлау туралы ережені (бұдан әрі – ереже) Университетте және ПШО-да педагогтік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындау мақсатында әзірледі.

Ереже курстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысатын университеттің және ПШО-ның барлық бөлімшесіне арналған.

2. Нормативтік сілтемелер

1. 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" ҚР 319-III Заңы;
2. "Педагог" кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген);
3. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ "Педагог мәртебесі туралы" ҚР Заңы;
4. "Педагогтік қайта даярлау қағидаларын 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
5. "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

3. Глоссарий

1. Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының күндізгі және (немесе) оқу жұмысындағы (жүктемесіндегі) көлемді өлшеудің бірыңғай бірлігі.

2. Академиялық сағат – оқу сабақтарының көлемін немесе оқу жұмысының басқа түрін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде қолданылады.

3. Тыңдаушылар – педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар педагогтік қайта даярлаудан өтеді.

4. Біліктілік – кәсіптік қызметтің тиісті түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті кәсіптік білімнің, іскерліктің, дағдылар мен жұмыс тәжірибесінің жиынтығы;

5. Қорытынды аттестаттау – педагогтік қайта даярлау бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілігі мен құзыреттілік деңгейін растау рәсімі;

6. Сертификат – белгілі бір білім беру бағдарламасы бойынша педагогтік қайта даярлау курстарынан өту қорытындысы бойынша берілетін құжат.

7. Білім беру бағдарламасы (ББ) – оқытудың мақсаты, нәтижесі мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

8. Кәсіптік білім беру – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызмет жүргізуге және (немесе) белгілі бір кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім, білік, дағдылар мен құзыреттер алуға бағытталған білім беру түрі;

9. Кәсіптік оқыту – белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажетті жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыларды игеру үшін тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны;

10. Қашықтықтан білім беру технологиялары – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы және телекоммуникациялық құралдардың көмегімен (қашықтықта) немесе білім алушы мен педагогтың толық емес өзара іс-қимылы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

11. Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгеруге жататын білімнің, іскерліктің, дағдылар мен құзыреттердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама;

12. Оқу жоспары – тиісті білім беру деңгейіндегі білім алушылардың оқу пәндерінің және (немесе) модульдерінің, кәсіптік практикасының, оқу қызметінің өзге де түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбек сыйымдылығын) және бақылау нысанын регламенттейтін құжат;

13. Педагог – тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

14. Қабылдау комиссиясы – болашақ оқу кезеңіне қабылдау науқанын жүзеге асыратын төраға бастаған университет өкілдерінің уәкілетті жиналысы.

15. Конкурстық комиссия – тыңдаушыларды конкурстық іріктеуден өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен құрылатын кеңесші орган.

4. Жалпы ережелер

1. Педагогтік қайта даярлау курстары (бұдан әрі – курстар) университеттің қосымша білім беру институты (бұдан әрі – ҚБИ) және ПШО базасында іске асырылады.

2. Педагогтік қайта даярлау курстары педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін өткізіледі.

3. Педагог кадрларды қайта даярлау курстары күндізгі оқу нысаны бойынша (оқытудың техникалық құралдарын қолдануға рұқсат етіле отырып), қалыптасқан форс-мажорлық жағдайларға байланысты төтенше жағдай, карантин және т.б. режимді енгізу кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланумен жүргізіледі.

4. Курстардың білім беру бағдарламасының мазмұны психологиялық-педагогикалық пәндерден (30-40 кредит) және педагогикалық практикадан (6-10 кредит) тұрады.

5. Педагогтік қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының тізбесін, мазмұнын және пәндерінің көлемін ҚБИ және ПШО дербес айқындайды және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелді) "Педагог" кәсіптік стандартына (бұдан әрі – "Педагог" кәсіптік стандарты) сәйкес еңбек нарығының қажеттіліктерін, жұмыс берушінің үмітін және тыңдаушының жеке мүддесін ескереді.

6. Курстың ұзақтығы: кемінде 6 ай.

7. Кредиттер көлемі: кемінде 40.

5. Педагогтік қайта даярлау курстарына қабылдау рәсімі

1. Педагогтік қайта даярлау курстарына оқуға қабылдау және құжаттарды қабылдау мамандықтардың сәйкестік кестесіне (1-қосымша) сай жүргізіледі.

Сәйкестік кестесінде көрсетілмеген мамандықтар бойынша құжаттарды қабылдау жеке тәртіппен қабылдау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады.

2. Құжаттарды қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

3. Курстарға түсетін тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына келесі құжаттарды тапсырады:

1) университеттің басқарма төрағасы - ректордың атына нысан бойынша өтініш (2-қосымша);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 086-

У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген);

- білім туралы құжаттың көшірмесі: Педагог кәсіби стандартының 6-деңгейіне сәйкес оқу нәтижелерімен жоғары білім туралы;

- Педагог кәсіби стандартының 7-деңгейіне сәйкес оқу нәтижелерімен жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы.

б) соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама, "Наркология" денсаулық орталығынан мәлімет, "Психиатрия" психикалық денсаулық орталығынан мәлімет, тұлғаның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет.

6. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқасы ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған кезде қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы құжаттарды қайтарады.

7. Құжаттардың толық тізбесін ұсынған кезде үміткерлер педагогикалық білім беру бағдарламаларына түсетін тұлғалар үшін кәсіптік жарамдылығын айқындайтын арнайы емтиханнан өтуге рұқсат алады.

8. Арнайы емтиханды сәтті тапсырған кезде үміткерлер іріктеудің келесі кезеңіне өтеді, оның мазмұнын конкурстық комиссия айқындайды.

9. Конкурстық комиссияның оң шешімі болған кезде үміткерлер педагогтік қайта даярлау курсына қабылданады және қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

6. Педагогтік қайта даярлау курстарын ұйымдастыру

1. Университет пен ПШО педагогтік қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын әзірлеу жөніндегі ережеге сәйкес педагогтік қайта даярлау курсының ББ әзірлейді.

2. Егер оқу жоспарында көзделген болса, теориялық оқыту жалпы білім беретін мектеп базасында практикалық дайындықты да қамтуы мүмкін.

3. Оқу аяқталғаннан кейін қорытынды аттестаттау өткізіледі.

4. Қорытынды аттестаттау нысаны дайындық бейініне сәйкес әрбір ББ бойынша белгіленеді.

5. Педагогтік қайта даярлау курстарынан өту нәтижесі бойынша тыңдаушыларға педагогикалық қызметті жүзеге асыру құқығын беретін сертификат (3-қосымша) беріледі.

7. Педагогтік қайта даярлауға жауапты құрылымдардың функциясы

1. Қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды қабылдайды, құжаттардың бар-жоғын тексереді, түсушінің өтініші негізінде оларды

тіркейді, жеке ісін жинақтайды, қабылдау, аяқтау және шығару туралы бұйрықтардың жобаларын қалыптастырады.

2. Тыңдаушыны курсқа қабылдау конкурстық комиссияның шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады және академиялық мәселелер жөніндегі проректормен, ПШО директорының орынбасарымен, академиялық мәселелер жөніндегі департаментінің директорымен, ҚБИ директорымен, бас бухгалтермен, заңгермен келісіледі.

3. ББ басшылары психологиялық-педагогикалық пәндерді, осы пәндер мен педагогикалық практика бойынша оқытушыларды айқындайды, ОПҚ жүктемесінің оқу жоспарын, есебін, тапсырмасын әзірлейді және базалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар практик-мамандарды тарту құқығымен осы пәндер мен педагогикалық практика бойынша оқытушыларды тартады.

Оқу бөлімі академиялық күнтізбе дайындайды.

4. Қабылдау туралы бұйрық шығарылғаннан кейін тыңдаушымен шарт жасалады.

5. Білім беру қызметтері оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады, сабақ кестесі жасалады, тыңдаушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және аттестаттау жүзеге асырылады.

Келісілді:

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер
жөніндегі проректор _____ О. К. Андрющенко

ПШО ЖМ директорының орынбасары _____ Т. К. Айдосова
Академиялық мәселелер жөніндегі
департаментінің директоры _____ А. А. Жакиенова

Педагогика жоғары мектебінің деканы _____ Б. А. Нурмагамбетова

Өнер және спорт жоғары мектебінің деканы _____ В.И. Лебедева

Жаратылыстану жоғары мектебінің деканы _____ Е.С. Габдуллин

Гуманитарлық ғылымдар жоғары
мектебінің деканы _____ А.Е.Каримова

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы _____ Г.М. Мусанова

Қосымша білім беру институтының директоры _____ Р.Р. Жаева

1-қосымша

Техникалық және кәсіптік білім беру базасында педагогтік қайта даярлау курстарына құжаттарды қабылдауды жүзеге асыруға арналған мамандықтардың сәйкестік кестесі

Кадрларды даярлау бағыттарының коды	Кадрларды қайта даярлау бағыттарының атауы	Мамандықтар атауы
6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Математика мұғалімі	Математика, Информатика, Ақпараттық жүйелер, Физика, Химия, Биология, Информатика, Барлық экономикалық мамандық/ББ (Экономика, Қаржы, Есеп және аудит, Менеджмент, Маркетинг)
6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Химия мұғалімдерін даярлау	Химия Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы (сала бойынша)
6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Физика мұғалімдерін даярлау	Физика, Ядролық физика, Техникалық физика, Физика және астрономия, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Инженерия, Инженерлік іс, Электр энергетикасы, Жылу энергетикасы
6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Информатика мұғалімдерін даярлау	Информатика Ақпараттық жүйелер, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері, Робототехникалық жүйелер

6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	Биология мұғалімдерін даярлау	Биология, Биотехнология, Ветеринария, Агрономия
6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	География мұғалімдерін даярлау	География, Гидрология, Метеорология, Экология, Туризм, Геодезия және картография
6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Ағылшын тілі мұғалімі	Шетел филологиясы, Аударма ісі, Халықаралық қатынастар, Шығыстану, Аймақтану, Туризм
6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Қазақ филологиясы, Журналистика
6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Орыс филологиясы, Журналистика
6B019-Арнайы педагогика	Дефектолог-логопед	Психология (Клиникалық психология, Әлеуметтік саладағы психология және т.б.), Педиатрия, Жалпы медицина, Мейірбике ісі
6B019-Арнайы педагогика	Педагог-ассистент	Психология, клиникалық психология, Мейіргер ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Медициналық-профилактикалық іс (бакалавриат және магистратура)
6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі (6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау)	Бастауыш сынып мұғалімі	Математика, Математика және статистика, Математика-Физика, Математика-Информатика, Информатика, Ақпараттық жүйелер, Физика, Химия, Биология, Барлық экономикалық мамандық/ББ (Экономика, Қаржы, Есеп және аудит, Менеджмент, Маркетинг)

6B 011-Педагогикалық ғылымдар	Педагогика және психология	Психология, Клиникалық психология, Әлеуметтану, Педиатрия Әлеуметтік жұмыс Философия Журналистика Мәдениеттану
6B012-Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	Психология, Клиникалық психология, Педиатрия Әлеуметтік жұмыс
6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Кәсіптік оқыту, Көркем еңбек, графика және жобалау	Кескіндеме, Графика, Мүсін, Сәндік өнер, Дизайн, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы
6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Музыка мұғалімдерін даярлау	Музыкатану Аспапта орындаушылық, Вокалдық өнер, Дәстүрлі музыкалық өнер, Дирижерлеу, Эстрада өнері, Халық аспаптары, Ән айту өнері, Хореография
6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Құқықтану, Заңгер, Заң кеңесшісі, Құқық қорғау қызметі, Патенттану, Әлеуметтік жұмыс, Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, Қаржы (сала бойынша), Қаржы жұмысы жөніндегі экономист, Статистика, Тарих
6B014-Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Офицер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткерген, жоғары білімі бар запастағы офицерлер, Әскери ұжымдағы әлеуметтік және идеологиялық жұмыс, Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

6B016-Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	Тарих мұғалімдерін даярлау	Дінтану Археология және этнология Этнология Шығыстану Аймақтану Тарих Құқықтану
--	----------------------------	---

2-қосымша

"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ
басқарма төрағасы-ректор

кімнен _____
(Т.А.Ә., байланыс деректері)

Өтініш

Мені қазақ / орыс тілінде оқытатын күндізгі оқу нысаны бойынша (ББ атауы мен шифрі) " _____ " білім беру бағдарламасы бойынша педагогтік қайта даярлау курсына қабылдауыңызды сұраймын. Диплом бойынша мамандығы:

Қолы

Сертификат

" ____ " _____ 20__ бастап " ____ " _____ 20__ дейін "Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" КеАҚ қосымша білім беру (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы) институтында " _____ " білім беру бағдарламасы бойынша _____ көлемінде педагогикалық қайта даярлау курсы өткені туралы берілді.

(Болған жағдайда басшының Т.А.Ә., қолы)

Мөр орны

Берілген күні" ____ " _____ 20__ жыл

Тіркеу нөмірі: _____ 20__ ж. № _____